

06.01.2020ж.

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің 2019 жылғы 4 тоқсанның инвестициялық бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің (бұдан әрі-Департамент) 2018 жылғы 24 тамыздағы «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің 2018-2022 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасын бекіту туралы» №219-НҚ бұйрығымен инвестициялық бағдарлама бекітілген, жоғарыда аталған бұйрықтың 4-тармағына сәйкес «Осы бұйрық шекті тариф енгізілген күннен бастап күшіне енеді» деп көрсетілген, Шымкент қаласы бойынша Департаментінің 2019 жылғы 18 маусымдағы №68-НҚ бұйрығымен «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметіне 2019-2023 жылдарға тарифтің шекті деңгейі бекітіліп, қолданысқа 2019 жылдың 1 тамызынан бастап енгізілген.

Тариф күшіне енген күннен бастап 2019 жылдың 1 тамызынан 2020 жылдың 1 тамызына дейін (*1 жыл*) «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің аумағындағы ГТЖ-4-ден (газ тарату желілері) бастап ұзындығы 430м жоғары қысымды газ құбырларын қайта жаңарту жоспарланған, осы инвестициялық іс-шараларға 8421,0 мың теңге (*1 жылға*) қарастырылған, оның ішінде 627,0 мың теңге бекітілген тарифтік сметадағы амортизация есебінен көзделген, пайда тарифтік сметада қарастырылмаған, 7794,0 мың теңге «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің өз қаражаты есебінен жасалынуы жоспарланған. 2019 жылдың 4 тоқсанында нақты орындалған инвестициялық іс-шаралар 3899,074 мың теңгені құрады, оның ішінде 588,6 мың теңге, тарифтік сметада қарастырылған амортизация есебінен жасалынды, 3310,47 мың теңге «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің өз қаражаты есебінен жасалды. Ұзындығы 167,5м жоғары қысымды газ құбырлары қайта жаңартылды.